Туберкулез - өртүрлі ағзаларды зақымдайтын, көбіне өкпеде орнығып ағзаның ұлануымен, клиникалық көрінулер полиморфизмімен сипатталаытын, толқын тәрізді созылмалы дерт. Тырнақтармен шаштан басқа адам ағзаларын зақымдап, туберкулездің өкпеден тыс түрлерінің дамуы мүмкін. Туберкулез қоздырғышы - туберкулез таяқшасы (КОХ таяқшасы) белгілі неміс ғалымы Роберт Кохпен 1882 жылдың 24 наурызында ашылды. Туберкулезге қарсы күрес шараларына қарамастан ол қазіргі заманда денсаулық сақтау саласының шешуі қиын мәселесі болып табылады, туберкулезбен ауру сырқаушылық одан болатын өлім деңгейі жоғары болып қалауда. Ол орны толмас төндік, моральдық, әлеуметтік және экономикалық нұқсан келтіруде.

Жыл сайын әлемде: * туберкулезден 3 миллион адам көз жұмады; * 18 миллион адам туберкулездің барлық түрімен ауырады; * жер шарының тұрғындарының 13 бөлгілі (орта есеппен 2млрд.) туберкулез микобактерияларына шалдыққан; * туберкулезден болатын барлық өлім жағдайларына 98% өлемнің дамушы елдерінің үлесінде; * туберкулез барлық жағдайларының 80% еңбекке жарамды 15-50 жастағы адамдар үлесінде; * жұқтырудың негізгі көзі - туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас, оның қақырығы мен туберкулез таяқшалары бөлінеді. Қақырықты еденге немесе жерге қақырғанда, атап айтқанда, иммундық жүйе нашарласа адамның туберкулезбен ауру ықтималдылығы жоғарылайды. Туберкулез бактериялары сыртқы ортада үлкен төзімділікпен ерекшелінеді: көше шаңында 10 күнге дейін, кітап парақтарында үш айға дейін, науқас киімінде және ішкі киімінде 3-4 айға

дейін, ал қарда өте ұзақ уақыт олардың өміршеңдігі сақталады. Сонымен қатар жоғары температураға өте сезімтал КОХ таяқшаларына хлорды белсенді бөлетін заттар өте зор әсер етеді, сондықтан дезинфекция үшін жиі хлорамин, хлор извесі қолданылады. Құрамында туберкулез таяқшалары бар шикі сүт және сүт қолданғанда, сондай-ақ ауру жануарларды күтіп баққанда адам туберкулезбен ауруы мүмкін. Көптеген адамдар ғұмыр бойына туберкулез бактерияларын жұқтыруы мүмкін, бірақ бұл адамдардың кейбір бөлігінде ғана дерт дамиды.

Туберкулезге шалдыққан кезде бұл маңызды дерттің дамуына және ауыр өтуіне ықпал ететін бір қатар факторлары бар: * әлеуметтік - тұрмыстық орта; * құнарлы тамақтанбау; * психологиялық күйзелістер; * қосарлана дамыған дерттер (қант диабеті, ойық жара ауру, өкпенің созылмалы спещификалық емес дерттер, ВИЧ/СПИД); * зиянды едеттер (алкоголь, темекі шешушілік, нашарқорлық) Туберкулездің негізгі белгілері: - екі апта бойы жөтелу - түнде терлеу, дененің қызуы 37,0° С - 37,5° С көтерілуі -табетінің жоғалуы - жүдеу, жалпы әлсіздік - қақып шаршау - кеуде клеткасының шаншуы, қан түкіру.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен туберкулезбен ауру сырқаушылықты төмендету мақсатында бұл дертке шалдыққан науқастарды тегін тексеруді және емдеуді қарастыратын туберкулезге қарсы ұлттық бағдарламасы қабылданды. ДОТС стратегиясы бойынша химия терапиясы енгізілді, бұл кез келген декларациядағы науқастардың емдеудің негізгі әдісі болып табылады. 2018 жылдан бастап Жаһандық қорының жоба жоспарының шеңберінде аудандарға G-XPERT қондырғылары орнатылып туберкулез ауруын ерте анықтауға жағдай жасалған.Сонымен қатар туберкулезге қарсы дәрілерге төзімді науқастарды қысқа мерзімде тиімді емдеу тәсілі енгізілді. Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ассамблеясы

Тоғызқұмалақ

ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН ТУРНИР ӨТКІЗІЛДІ

БИЫЛ ӘДЕБИЕТТАНУШЫ - ҒАЛЫМ, ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ - МҮШЕСІ, ПРОФЕССОР ӘНУАР ДЕРБІСӘЛИННИҢ ТУҒАНЫНА ТОҚСАН ЖЫЛ ТОЛАДЫ. ҒАЛЫМДЫ ЕСКЕ АЛУ ҚҰРМЕТІНЕ КӨПТЕГЕН ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛІП КЕЛЕДІ. СОНЫҢ БІРІ ЖУЫРДА ҒАНА САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТҮРІ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТКІЗІЛДІ.



Турнирге 10 командадан Ақтөбе қаласы, Ойыл, Ырғыз, Шалқар, Хромтау, Қарғалы, Өйтеке би, Алға, Байғанин аудандарынан жас тоғызқұмалақшылар қатысты.

Облыстық турнирге Әнуар Жақсығалиұлы Дербісәлинінің ұрпақтары демеушілік көрсетсе, турнирді өткізудегі шараларға облыстық тоғызқұмалақ федерациясы үлкен үлес қосты. 100-ден аса тоғызқұмалақшы бақтарына сынаған облыстық дода екі күнге созылды. Ойын жеті кезеңнен тұрды. Он ойланып, мың толған спортшылар бірі-біріне есе жібермеуге тырысты. Адамның ой-өрісінді ұшқырлығымен есеп-қисапқа қас шеберлігін талап ететін ұлттық ойынымыз мәреге жақындаған сайын тартысты болды. Барлық тоғызқұмалақшылар белгіленген уақыт ішінде шеберліктері мен есепке ептіліктерін көрсете білді.

Турнирдің бас төрешісі Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, жоғары дәрежелі төреші Қабидолла Нұршин жасөспірімдердің ұлттық ойынға деген талпыныстары мен жеңіске деген ұмтылыстарына және ұйымдастырушыларға өз ризашылығын білдірді.

Тоғызқұмалақ қазақы қаймағы бұзылмаған ойылдықтарға жат емес. Керісінше мұнда есебін түгендеген тоғызқұмалақтың қас шеберлері жетерлік. Ғалымның еске алу құрметіне арналған облыстық доданың қорытындысына тоқталсақ, Ойыл ауданы бойынша 2010-2011 ж. т. қыздар арасында ІІ орын Аружан Жақсығалиеваға, чемпиондық атақ жақында ғана республикалық турнирдің жеңімпазы атанған Сағынтайқызы Аяжанға, ұлдар арасында Даулет Алтыбаевқа бұйырса, 2008-2009 жылы туған қыздар арасында ІІ орынды Мейірім Сейілханқызы, ұлдар арасында ІІ орынды Бекарыс Сырлыбай алды.

2005-2007 жылы туған қыздар арасында ІІ орынды Сағынш Серікова алса, ұлдар арасында І орынды Бексұлтан Сырлыбай иеленді. Одан бөлек облыстық турнирде жақсы ойын өрнегін көрсеткен бірқатар спортшыларға жеңіске деген жігері үшін номин-ациялары табысталып, барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағаздары, медальдер және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Муса Әділбайұлы, Ойыл-Саралжын-Ойыл.

ДЕРМАТОМИКОЗДАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ

Дерматомикоздар – теріде саңырауқұлақ қоздырғыш тудыратын жұқпалы ауру. Аурудың көзі – ауырған адамдар және жануарлар болып табылады. Бұл ауру микроспория және трихофития түрінде кездеседі.

2018 жыл Ойыл ауданында дерматомикозбен 7 адам науқастанған, соның ішінде 1 ересек, 14 жасқа дейінгі балалар. 2019 жылдың қаңтар-ақпан айында 1 жағдай оқушылар арасынан тіркелді.

Аурудың берілу жолдары:

- 1. Ауырғандардың (аяқ-киімін, киімдерін, төсектерін, сулгілерін т.б.) заттарын ортақ пайдаланғанда;
2. Жуынатын бөлменің, монша, жүзу бассейнінің, спорт залдар-ның едендерінен, тұрмыстық заттарды пайдаланғанда;
3. Маникюр және педикюр дұрыс өңделмегенде.
Алдын алу шаралары :
1. Иесіз мысық және иттермен ойнамау;
2. Жануарлармен қатынасқаннан кейін қолды сабындап жуу;
3. Ешқашан басқа адамның бас киімін, киімдерін кимеу және төсектерін пайдаланбау;
4. Шаштарыздан шаш қиғаннан кейін басты жуу;
5. Барлық кезде жинақы таза жүру, дер кезінде аптасына бір рет моншаға бару;
6. Шашыңыз себепсіз сынып, туссе, денеңізде қызыл қабықтанатын дақтар пайда болса дереу дәрігерге көрініңіз.

Ойыл аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ТІЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ, ХАЛЫҚТЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БОЛАШАҒЫНЫҢ АЙҚЫН КӨРІНСІ. БІЗДІҢ ТІЛІМІЗ ҒАСЫРДАН-ҒАСЫРҒА КЕЛЕШЕК ҰРПАҚҚА АМАНАТ ЕТІЛІП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ. ТІЛ МЕН ЕГЕМЕНДІК ЕГІЗ ҰҒЫМ. ТІЛСІЗ ТӘУЕЛСІЗДІК, ЕГЕМЕНДІКСІЗ ТІЛ БОЛМАҚ ЕМЕС. ТІЛ ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚУАТТЫ ТІРЕГІ. ОСЫ ТҮСТА ЕЛБАСЫМЫЗ Н.Ә.НАЗАРБАЕВ «ҚАЗАҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ» ДЕП АЛДЫМЫЗҒА АЙҚЫН ЖОЛ АШЫП БЕРДІ. БІЗГЕ ТЕК ОСЫ ҰСТАНЫМДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БАР КҮШ ЖҮГЕРІМІЗДІ АЯМАЙ, ЕҢБЕК ЕТУ ҒАНА ҚАЛЫП ОТЫР.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік тіл қазақ тілі болып бекітіліп, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңы қабылданды. Аталған заңда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру туралы мәселелер айқын айтылған. Сондықтан баршамыз келер ұрпаққа мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтере отырып, мұра ретінде қалдыруға атсалысуымыз қажет. Қазіргі таңда өкінішке орай қазақ тілін білмеу, білсе де сөйлемей қазақ тіліміздің мәртебесінің өсуіне алып келмесі анық. Өрбір елдің қуатты күші, байлық-бақыты экономикалық, даму деңгейімен ғана емес, рухани өрсімен яғни мемлекеттің тілінің деңгейімен де өлшенетінін ұмытпағанымыз абзал. Мемлекеттік тіліміздің өзгермей мәртебесінің биіктігін сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізу парызымыз.

Мемлекеттік тілдің мәрейін көтеру бағдарында Ойыл аудандық соты тарапынан да бірқатар жұмыстар атқарылуда. Атап айтатын болсақ, қылмыстық, азаматтық, өкімшілік істер қазақ тілінде қаралуда. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында семинар сабақтары жүргізілуде. Аудандық сотта іс қағаздарын жүргізу толығымен мемлекеттік тілге көшірілді, және барлық сот қызметкерлері қазақ тілін толығымен меңгерген.

Сонымен қатар аудандық сотта автоматтандырылған құжат алмасу мен сот өндірісінің «Төрелік» ақпараттық жүйесі мемлекеттік тілде жүргізу бағыттары бірыңғай жолға қойылған.

Өз тілін сыйлайтын, өзгеге сыйлататын ел үшін мемлекеттік тіл киелі де қасиетті дүние. Ендеше, қазақ ұлты тұрғанда, тілін сыйлайтын, оны қастерлейтін басшысы тұрғанда, қазақ тілінің мәртебесі ешқашан төмендемейді.

Қазақтың бір туар ақыны М.Жұмабаевтың ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмас, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі мінезі айқын көрініп тұрады деген нақыл сөз баршамыздың жадымызда болуы тиіс. Тіл байлығы өрбір ұлттың маңызы. Өр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұған кезде ғана тіліміздің деңгейі белестерге жете берері анық.

Г.ТАНКИЕВА, Ойыл аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – МӘРТЕБЕ!

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІНДЕ ҚР 2012 ЖЫЛҒЫ 16 АҚПАНЫНДАҒЫ №561 «ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНА, ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 13 АҚПАНЫНДАҒЫ №840 ЖАРЛЫҒЫНА, АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 25 АҚПАНЫНДАҒЫ №36 ҚАУЛЫСЫНА СӘЙКЕС, АЗАМАТТАРДЫ КӨКТЕМГІ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР БАСТАЛДЫ. ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУДЫ КЕІМІНГЕ ҚАЛДЫРУҒА НЕМЕСЕ ОДАН БОСАТЫЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ 18 ЖАСТАН 27 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЕР АЗАМАТТАР, СОНДАЙ-АҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫННАН ШЫҒАРЫЛҒАН, 27 ЖАСҚА ТОЛМАҒАН ЖӘНЕ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДЕРІН ӨТКЕРМЕГЕН ЕР АЗАМАТТАР МЕРЗІМДІ ӘСЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРЫЛУҒА ЖАТАДЫ.

Білімі, мамандығы, өндірістік біліктілігі, отбасы жағдайы, дене және әскери дайындығы, денсаулық жағдайы, моральдық қасиеті сәйкес азаматтар бірінші кезекте әскерге шақырылады және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың тиісті түрлері мен тектерін тағайындалады. Әскери борышын өтеуден жалтарған азаматтар Заң жүзінде жауапкершілікке тартылады. Атап айтқанда, Заң бұзушыларға ақшалай айыппұл салумен қатар, әскерге шақырудан жүйелі түрде бас тартқан азаматтарды қамғауға алу жазасы қарастырылған. Әскерден жалтарғандарға ҚР ӘҚБК 648 бабына сәйкес 3 айлық есептік көрсеткіш және ҚР ҚК 387 бабына сәйкес, 1 мың айлық есептік көрсеткіш немесе 2 269 мың теңге айыппұл, немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жауапкершіліктері қарастырылған.

Сонғы жылдары әскери қызмет беділінің елеулі өскері атам айтқан жөн. Әскерде қызмет өткергенінің болуы әлеуметтік күштер мен мемлекеттік қызметке жұмысқа рұқсатнама болып табылады. Сондықтан қызмет өткеруғиет білдірушілердің саны анағұрлым көбейді. Сонымен қатар әскери борышын өтеген ер азаматтарды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Кәсіби әскери қызметші мансабын таңдағысы келген 19 жастан 35 жасқа дейінгі азаматтар Ақтөбе қаласында орналасқан 30238 әскери бөліміне және Әуе Қарулы Күштерінің әскери институтына жолдануда.Әскери қызметтің басылымдықтары:

- 1. Лайықты айлық ақылы кепілдендірілген және уақытты төлеуі.
2. Мемлекет есебінен тұрғын қамтамасыз ету (тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда тұрғын үйді жалдауға жан

басына 25 мың теңге, мысалы 4 адамға 100 мың теңге еңбек ақысынан бөлек).

3. Әскери қызметші мен олардың отбасы мүшелерін медициналық мектепке медициналық мекемелерде (госпиталь) мемлекеттің есебінен қамтамасыз ету және балаларын мектепке дейінгі мекемелерге кезектен тыс қабылдау.

4. Жыл сайын негізгі демалыста 3 айлық еңбекқы кәлемінде ақы төлеу.

5. Еңбек ақыдан бөлек материалдық көмектер көрсетіледі. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке тілек білдергендерге қойылатын талаптар: әскери борышын өтеген, сотталығы жоқ, денсаулығы жақсы, дене дайындығы жақсы азаматтар қабылданады. Егер де әскер қатарында болмаған жасы 24 пен 27 жас аралығындағы азаматтарымыз болса, әскери техникалық мамандықтар бойынша даярлауды өтеулі негізде 263 мың теңге төлеп ҚР ҚМ мамандырылған ұйымдарында оқытуға да болады. Оқу мерзімі аяқталғаннан кейін әскери билетін алып «атқшы» мамандығына ие бола алады. Әскери билет арқылы орган қызметтеріне яғни барлық жұмыс орындарға жұмысқа орналасуға жарамды болып табылады. Оқу орны Ақтөбе қаласында орналасқан. Оқу мерзімі 40 күн. Жататын орны, үш мезгіл тамағы, жуынатын орындар, әскери киім-кешектері қарастырылған.

Келісім-шарт арқылы қызмет етуге және әскери техникалық мамандықтарға оқуға тілек білдірушілер болса, Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп жолдануда.Әскери қызметтің арқылы анықтама алуға болады.

Ж.БИШӨКЕНОВА, Ойыл ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің инспекторы, әскери қызметке әскерге шақыру жөніндегі қызметкер.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Әйел
Меншік иесі: Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1740 дана. Тапсырыс №140 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525
«А-Полиграфия» баспаханасында басылды. Т.Рысқұлов көшесі, 190.
Басылу сапасы жөнінде 56-21-54 телефонына хабарласуға болады.

АҚСАҚАЛДАРМЕН КӨРІСТІ



Өдеттегі дәстүрмен 14 наурызда Ойылда таңертеңнен көрісу басталды. Көрісу - қоғам қанша алмасса да бұзылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт. Сондықтан сабақтасқан салт тек көрісумен шектелмейді. Бұл күні көже асылып, жеті нан пісіріліп, көрісе келгендерге ақ дем ұсынылады. Жастар үшін негізгі міндет - ауыл үлкендеріне барып, сөлем беріп, саулығын біліп, бата алу.

Сол салтпен аудан әкімі Дастан Жарылқасынұлы бастаған топ та

ауыл ақсақалдарының отбасына арнайы барып көрісті. Алдымен Ғұсман Жұмбергелұлына сөлем беріп, төс қағыстырып көріскен аудан басшысы дастарханнан дем татып, ақсақалмен емен-жарқын өңгімелесті. Одан кейін Ахметкерей Қожиевтің шаңырағына барды. Мұнда да көрісіп, амандық-саулықтан соң арнайы асылған көжеден ауыз тиген аудан басшыларына талай топта өзінің қайталанбас батасымен көзге түскен ақсақал «бір қойлық бата» берді.

КӨРІСУ БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ



Көрісу мерекелік күнтізбеге енген күн болғанымен Қазақстанның Батыс өңірі бұл дәстүрді жақсы ұстанады. Жасы кіші адамдар ауыл үлкендеріне арнайы барып, хал сұрасып, көріседі. Айтұлы күнді біздің аудан айрықша атап өтті. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан село тұрғындары көше-көше болып бірігіп, дастархан жайып, наурыз көже таратты. Қыстан аман шыққан арқа-жарқа жұртшылық бір-бірімен құшақтасып көрісті. Үлкендер бата беріп, ақ дастархан басында ақ тілектер ақтарылды. Көше тұрғындарына мольнан жайылған дастархан айран, сүт, қаймақ, қазы-қарта сынды ұлттық тағамдармен толықты. Абай, Сәтбаев, Молдағұлова

көшелерінің тұрғындары және аудандық музей ұжымы Аман мерекесіне айрықша атсалысты. Кеңірек тоқталсақ, көрісу күнін Абай, Сәтбаев көшелері бірігіп атап өтсе, Әлия Молдағұлова көшесінің тұрғындары көрісу күніне биыл алғаш рет үн қосып отыр. Десе де, көшеде ағайын-туыстың үйін жағалап көріскен адамдар айтулы көшелердің тұрғындары арнайылап жайған ақ дастарханнан айналып кетпеді. Самаурында қайнаған күрен, шай мен қара қазанда иісі бұрқырай қайнаған көжеден ауыз тиді. Міне осылайша Ойылдағы көрісу күнінде адам аяғы тұс ауғанша сиремеді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

«АМАЛДАР НИЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ»

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ БӘРІМІЗГЕ БЕЛГІЛІ БОЛҒАНДАЙ, ТҮБІ СОНАУ ПАРСЫЛАРҒА БАРЫП ТІРЕЛЕДІ. ИСЛАМ ДІНИ КЕЛМЕЙ ТҰРЫП ОТҚА ТАБИНЫШЫ ПАРСЫ ХАЛҚЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ЖАҢА ЖЫЛ РЕТІНДЕ ҚҰТТЫҚАЙТЫН. «НАУРЫЗ СӨЗІ - ЗОРОАСТРИЗМ СЕНИМІНДЕ БОЛҒАН ПАРСЫ ЕЛІНІҢ ТІЛІНЕН АУДАРҒАНДА «ЖАҢА КҮН» ДЕГЕН МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ. БҰЛ МЕЙРАМНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫН КЕЙБІР ҒАЛЫМДАР ЗОРОАСТРИЗММЕН, ОТҚА ТАБИНЫШ ПАРСЫ БАЙЛАНЫСТЫРАСА, КЕЙБІР ТАРИХШЫЛАР ПАРСЫ ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ЖОРЫҚТАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ.



Кейбір риуаяттарда Хазреті Әли Парсы шығанағы жаққа барғанда бір кісі келіп Оған Наурыз мерекесіне байланысты бір көде сыйлық жасайды. Хазреті Әли (Алла разы болсын) мұның мәнісін сұрағанда, өлгі адам: «Бүгін Наурыз мерекесі, бұл сыйлықты сол үшін сыйладым» дегенінде Хазреті Әли (Алла разы болсын) бұған қарсылық келтіру былай тұрсын: «Бұл жақсы үрдісті, күніге істендер! (Наурызды сыйлық сыйласу үрдісі)» деп өсиет еткен екен. Себебі, асыл дініміздің өзі сыйлық жасасуды дәріптейді. Бұған байланысты Пайғамбарымыз (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «Бір-біріңізге сыйлық жасасыздар! Себебі сыйлық жасау араларыңа мейрім тудырады» деген. Әсілі, Наурыз мерекесі қазақ халқының сенімде қыстан аман-есен шығып, төрт-түлік малдың ауызы көкке ілініп, арқа кеңіп, күн жылыған кезде жаңа жыл ретінде

тойланады. Қыстан аман есен шыққан халық бір-бірін зиярат етіп, амандық-саулық сұрасып, көрісетін болған. Еліміздің батыс аймағында «Көрісу күні» деп содан аталады. Дінімізде «Шәргі мән қоблена немесе ғұрф» фикһ қағидасы бойынша (бір халықтың Исламнан алдыңғы өдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері) Ислам негіздеріне қайшы келмей, қоғамдық қатынасты оң реттеген болса, бұл салт-дәстүрлер сақталады. Бүгінгі дәстүріміздегі Наурыз мерекесінің Исламға ешқандай алабөтендігі жоқ. Бұрынғы Наурыз мерекесіндегі от жағып қарсы алушылық дәстүрімізден өлдеқашан шығарылып тасталған. Ал, қазіргі қазақ қауымының тойлап жүрген Наурыз мерекесінде қыстан күйзеліп шыққан елдің көңілін көтеру мен қазақи құндылықтарымызды жандандырып, көже беріп, ат шаптырып, палуандар күресін өткізіп, өн-жүр, айтыс-терме ұйымдастырылып, араздасқан адамдар осы күні татуласып, бір-біріне жақсы бата берісіп, «Ұлыс оң, ақ мол болсын» деген сияқты игі тілектерімен қауышып жатады. Ислам шариғаты Наурызды ұлттық нақышта көктеммен бірге жаңа жылға кіру түсінігінде тойлауды құптады деп толық айта аламыз. Осымен қоса, дінімізде «Амалдар ниетке байланысты» деген қағида бар. Сол үшін бүгінгі қазақ халқы Наурызды Көктем мерекесі ретінде тойлап жүр. Бұл Ислам дінінің қағидаларына еш қайшылық етпейді! Ұлыстың ұлы күні – Наурыз құтты болсын!

Нұрсұлтан СЕРІКҰЛЫ,
Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

МЕКЕМЕЛЕР КӨЖЕ АСТЫ

СОП КҮНІ АУДАН ӘКІМІ СОҒҒЫ КЕЗДЕ КӨРІСУ ДӘСТҮРІ ЕРЕКШЕ СИПАТ АЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЕЛІМІЗДІҢ БАТЫС ӨНІРІНЕ ҒАНА ТӘН САЛТПЕН КӨРІСУ КҮНІНЕ ОРАЙ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ӨТКІЗІЛІП ЖАТҚАН ШАРАЛАРҒА КУӘ БОЛДЫ. АЛДЫМЕН АУДАНДАҒЫ ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫ ОЙЫЛ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНЕ БАРҒАН ӘКІМ ҰЖЫМНЫҢ ЕҢБЕК АРДАҒЕРЛЕРІНЕ СӨЛЕМ БЕРІП, КӨРІСТІ. АРДАҒЕРЛЕР АУДАН БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖЕМІС ТІЛЕСЕ, АУДАН ӘКІМІ БҮГІНГІ БУЫНҒА ОСЫНДАЙ ДӘСТҮРДІ ҚАЙМАҒЫН БҰЗБАЙ ЖЕТКІЗГЕН АҚСАҚАЛДАРҒА АЛҒЫСЫН АЙТТЫ. АЛ, КОЛЛЕДЖ ҰЖЫМЫ КӨШЕ БОЙЫНА КИІЗ ҮЙ ТІГІП, ӨЗ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ӨТКЕН-КЕТКЕНДЕРГЕ КӨЖЕ ҰСЫНДЫ.



Ойыл аудандық орталық аурухана да биыл жыл сайынғы дәстүрінен жаңылған жоқ. Аулаға ақ шаңқан киіз үй тігіп, емделушілер мен келгендердің бәрін көжеден дем татуға шақырды. Аяқ астынан бұзылған ауа-райының қолайсыздығына қарамастан арнайы мерекелік бағдарлама дайындалды. Мұнда да арнайы ат басын бұрған аудан басшылары еңбек ұжымының ардагерлерімен көрісіп, мерекелік игіліктердің куәсі болды.

Ал, қашанда мерекелік шаралардан тыс қалмайтын аудандық орталық кітапхана ұжымы өсіресе еңбек ардагерлерімен тығыз байланысқа ие. Олар да сол күні арнайы көже асып, өздерінің белсенді оқырмандары мен еңбек ардагерлеріне дастархан жайды.

Сондай салтанаты жарасқан сәттің үстінен түскен аудан басшысы мұнда да біраз ақсақалмен көрісіп қалды. Бір-біріне игі лебізін жолдап, ақ тілектерін жаудырған дастарханнан басындағы өңгімені мәдениет ардагері Амангелді Жұманов қоңыр домбырамен халық өнін әуелетіп қыздырды.

Ал, «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы мәдениет және демалыс орталығындағы» думанның дабысы тым алысқа жетіп жатты.

Мұнда да мекеме ауласына орталықтағы қызығушылық клуб мүшелерінің атсалысуымен киіз үй тігіліп, дастархан жайылып, өткен-кеткендерге дем ұсынылды. Тіпті Ойылдағы өзге ұлт өкілдері де жалпыхалықтық шараға ықыласпен атсалысты.

Газетіміздің келесі саны 28 наурыз, бейсенбі күні жарыққа шығады

КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛАДЫ?

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды салық төлеуші (салық агенті) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Мыналар:

- 1) хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда – салық төлеушінің (салық агентінің) анықталған бұзушылықтарды: салық органдарында тіркеу есебіне қою;
- 2) анықталған бұзушылықтар жататын салықтық кезең үшін хабарлама бойынша салықтық есептілікті ұсыну;
- 3) салық төлеушінің қосылған құн салығын қайтару туралы талабы бойынша бұрын бюджеттен қайтарылған қосылған құн салығының сомасын бюджетке төлеу, сондай-ақ салық төлеушіге осындай сомаларды аударған күннен бастап әрбір күн үшін осы Кодекстің 104-бабының 4-тармағында көрсетілген мөлшерде өсімілп түлеу арқылы жою;
- 4) хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда – осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органына анықталған

бұзушылықтар бойынша түсінікті қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынуы салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауы болып танылады.

Түсінікте:

салық төлеушінің (салық агентінің) түсінікке қол қойған күні;

түсінікті ұсынған адамның тегі, аты және өкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) не тұлғаның толық атауы, оның тұрғылықты жері (орналасқан жері);

салық төлеушінің (салық агентінің) сөйкестендіру нөмірі;

камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органының атауы;

түсінік ұсынылатын хабарламаның нөмірі мен күні;

түсінікті ұсынған адамның келіспеуіне негіздер және дәлелдемелер болып табылатын мән-жайлар көрсетілуі тиіс.

Егер түсінікте түсінікті ұсынған адамның келіспеуіне негіз ретінде дәлелдемелерді растау ретінде құжаттар көрсетілетін болса, онда салықтық есептіліктен басқа, түсінікте көрсетілген құжаттардың көшірмелері түсінікке міндетті түрде қоса беріледі.

Түсінікті ұсыну арқылы хабарламаны орындау шеңберінде өзге де құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ИСПОЛНЕНИЕ РЕЗУЛЬТАТА КАМЕРАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ

Исполнение уведомления об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, осуществляется налогоплательщиком (налоговым агентом) в течение тридцати рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Исполнением налогоплательщиком (налоговым агентом) уведомления об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, признается:

- 1) в случае согласия с указанными в уведомлении нарушениями – устранение выявленных нарушений налогоплательщиком (налоговым агентом) путем: постановки на регистрационный учет в налоговых органах; представления налогового отчета по уведомлению за налоговый период, к которому относятся выявленные нарушения; уплаты суммы налога на добавленную стоимость в бюджет, ранее возвращенной налогоплательщиком по возврату налога на добавленную стоимость, а также уплаты пени в размере, указанном в пункте 4 статьи 104 настоящего Кодекса, за каждый день с даты прекращения налогоплательщиком таких сумм;
- 2) в случае несогласия с указанными в уведомлении нарушениями – представление налогоплательщиком (налоговым агентом) пояснения по выявленным нарушениям на бумажном или электронном носителе в налоговый орган, направивший уведомление об

устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 3 настоящей статьи.

В пояснении должны быть указаны:

- дата подписания пояснения налогоплательщиком (налоговым агентом);
- фамилия, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) либо полное наименование лица, представившего пояснение, его место жительства (место нахождения);
- идентификационный номер налогоплательщика (налогового агента);
- наименование налогового органа, направившего уведомление об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля;
- номер и дата уведомления, на которое представляется пояснение; обстоятельства, являющиеся основаниями и доказательствами несогласия лица, представившего пояснение.

В случае, если в пояснении в качестве основания для несогласия лица, представившего пояснение, в качестве подтверждения доказательств указываются документы, то копии документов, указанных в пояснении, кроме налоговой отчетности, обязательно прилагаются к пояснению.

Представление иных документов в рамках исполнения уведомления путем представления пояснения не требуется.

Управление государственных доходов по Уилскому району

Ойыл селосының тұрғыны Нұрзия Аябайқызы Базарбаеваны мерейлі 60 жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Тағы бір жыл еліме келіп еді, Қош айтысты өзіңмен 50 енді. Нұр көктеммен жарысып келіп жеткен, Құтты болсын 60 жастың керуені! Ақ тілекпен арналады қыр гүлі, Бауырларың құттықтайды бұл күні. Райстат, Автобазада бухгалтер боп, Ауданымда еңбек еттің үлгілі. Өмірде қуанышты шақтарың көп, Ағайынның ақ тілегін сақтадың көп. Бөрімізден ерекше бөліп сені, Айпан әжең еркелетті "Тәттітағым" деп. Өзіңнен көрмедік біз қатаңдылық, Біз сенеміз ер таңың атар күліп. Өкемізден ертерек қалсақ-тағы, Қамқор болдың анамызбен қатар жүріп. Бір болыңыз ағайын туыс халқыңызбен, Ұрпағың өсіп-өнісін жарқын ізбен. Көп жаса, қызығын көріп Арсеніңнің, Дел осындай мейірімді қалпыңызбен!

Игі тілекпен: Анаңыз Дамея және бауырларыңыз Базарбаевтар әулеті.

Иксанова Асия Тапашқызын 60-жас мерейтойымен құттықтаймыз.

Бағындырып асқарын 60 жастың, Тойлаған әулет болып мерей жасын. Шөкірттерің тілейді бақ-береке Алла беріп жасыңыз жүзден асың. Сіз де міне бүгін алып бейтерек, Көптік етпес айтсақ-тағы сан тілек, Ең маңызды, үлкен байлық адамға, Балалардың амандығы шын керек. 60 жастың таусылмасын қызығы, Қымбат болар балалардың қылығы. Отбасының ынтымағы жарассын, Бұзылмасын бірлігінің тұнығы. Кең пейілді, қайырымды жүректен, Еңбек жолда бақыт гүлін сіз екен Біз шөкірттер терең жайған тамырын, Бақыт тілер бәрі шын жүректен. Бақ, береке, ырыс мол отбасында, Біз тілейміз 60-тың асқарында. Алтындаған өріппен жазылсын тек, Атыңыз еңбек жолдың дастанында.

Тілек білдіруші: 13 топ, Ойыл кәсіптік лицейінің 2004 жылы түлектері.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Ойыл Уна Уіі

10.00-13.00 Аудандық мәдениет үйі 27.03.2019

Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі

Ярмарка государственных услуг

ҚҰРМЕТТІ: АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2019 жылдың 27 наурызында таңертеңгі сағат 10.00-де Ойыл селосындағы Ойыл аудандық мәдениет үйінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәрмеңкесі өткізіледі.

Аталған іс-шараның мақсаты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы тұрғындардың ақпараттандырылу деңгейін арттыру және қызметтерді электрондық түрде көрсетуді өзектендіру, сонымен қатар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін консультативті-әдістемелік көмек беруді қамтамасыз ету.

Жәрмеңкеге аудандық жергілікті атқарушы органдар, орталық аурухана және аудандық кірістер басқармалары қатысады.

Аталған іс-шараға аудан тұрғындары қатысуға шақырамыз.

Өтетін орын: Ойыл аудандық мәдениет үйі

27.03.2019 жыл. Сағат 10.00 де

«Аудан әкімі аппараты» ММ.

Онлайн бақылау касса машинасын кімдер қолданады?

2018 жылдың 23 желтоқсанында ҚР Қаржы министрлігінің 27.11.2018 ж. №1029 бұйрығы күшіне еніп, 2019 жыл аралығында ақшалай есеп айырысулар кезінде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын (онлайн БКМ) қолдану міндеті туындайтын қызмет түрлері ұлғайтылды.

Атап айтқанда, 2019 жылдың өр тоқсаны сайын онлайн БКМ қолдануға 633 қызмет түрлері қосылды:

- 2019 жылдың 1 сәуірінен бастап 323 қызмет түрі бойынша;
- 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап 86 қызмет түрі бойынша;
- 2019 жылдың 1 қазанына бастап 224 қызмет түрі бойынша.

Осылайша, 2019 жылы онлайн БКМ қолдануға барлық қызмет түрлері толығымен қосылды.

Онлайн БКМ қолдану бойынша ережелері қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде орналасқан салық төлеушілерге қолданылмайды.

БКМ қолдану тәртібі Салық кодексінің 166 бабымен реттеліп, Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай есеп айырысулар бақылау-касса машиналары міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіліп, келесі тұлғалардың ақшалай есеп айырысуларына қолданылмайды:

- 1) жеке тұлғалардың;
- 2) адвокаттар мен медиаторлардың;
- 3) қызметін;
- 4) уәкілетті органмен келісу бойынша келік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша билеттерді бере отырып, қалалық қоғамдық көлікте тасымалдау бойынша халыққа қызметтер көрсету бөлігінде;
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің;
- 6) екінші деңгейлі банкілердің.

Онлайн бақылау касса машинасын тіркеу үшін Ойыл селосы, Көкжар көшесі 47 орналасқан Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына өтініш беруге болады.

Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы